

«Қарабұлақ» ШЖБМ 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі

Тәрбие жұмысының жоспары ҚР Білім және ғылым Министрінің 15.04.2019 жылғы № 145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жасалынды. Тәрбиенің негізгі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

2. Рухани танымдық тәрбие.

3. Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6. Көп мәдениетті көркем эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Оқу жылының тамыз айында «Мектепке жол» акциясы аясында Жалпыға міндетті білім беру қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын, оның ішінде аз қамтылған отбасынан шыққан, көп балалы отбасынан шыққан 2 балаға 30000 мың теңгеден (отыз мың) берілді. 1-қыркүйек Білім күніне арналған іс шара 1-4 сыныптарда өткізілді. 14-21 қараша аралығында «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында апталық іс шара өткізілді. Педагог- психолог тарапынан білім алушыларға және ата аналарға арналған кеңестер бейнероликтер түрінде жіберілді. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне арналған диагностикалық тестер жүргізілді. 1-Қазан қарттар күніне және ұстаздар мерекесіне орай ардагер ұстаздарға және әр сынып өздеріне бекітілген қарттарға құрмет құрмет көрсетіп, сыйлықтар тапсырды.

Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдері оқушылармен «Табиғатты аялайық» тақырыбымен экологиялық челлендж өткізді. Оқушыларға табиғатты аялау, сүйіспеншілікпен қарау бойынша мәліметтер берілді.

«16 желтоқсан Тәуелсіздік» мерекесіне орай мектеп білім алушыларын Отан сүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу мақсатында іс шаралар жоспары жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. 8 наурыз «Аналар күні» мерекесіне ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. «Ұлыстың ұлы күні- Әз Наурыз» мерекесіне орай да іс шаралар ұйымдастырылды.

1-мамыр –Қазақстан халқының бірлік мерекесіне орай және «Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне 78 жыл» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.